

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 18 қыркүйекте жарияланды

Қазқстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,
Ұлттық экономика министрі
Н.С. Байбазаровқа

Депутаттық сауал

Құрметті Нұрлан Серікұлы!

Есіңізде болса, сонау 2006 жылы әр өңірдің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, халықтың әлеуетін жақсарту үшін Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар құрылған еді. Алғашында бұл мекемелер бірен-саран жақсы жобаларды іске асырған болатын. Бірақ соңғы 10-15 жылда әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардан ешқандай пайда жоқ екенін нақты көріп келеміз. Ақиқатын айтсақ, олар өңірлік даму институты емес, әкімдердің жекеменшік компаниясына айналып кеткен сияқты.

Өзінің нақты миссиясын таба алмаған Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың осы 18 жыл ішінде айналыспаған ісі жоқ – бірі үкіметтің 0,01 пайызбен қарызға берген тегін ақшасын ірі сауда үйлеріне таратып жүрді, енді бірі әкімдіктердің өздері-ақ жасайтын жұмысына жағаласып, жер учаскелерін алып, оларды кәсіпкерлерге жалға берумен айналысты. Бұлардың барлығы түкке керегі жоқ, жемқорлық тәуекелі көп жобалар. 2006 жылдан бері корпорациялардың 100-ден аса қызметкері коррупция бойынша сотталған, 50-ге жуық жобалары тіпті қажетсіз деп танылған. **Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі тарапынан корпорациялардың көптеген бағыты заңға қайшы деп қанша рет айтылса да, бұл талапты ешкім елемей жүр.**

Кәсіпкерлерді дамытуға жаралған корпорациялар кәсіпкерлерге қол ұшын берудің орнына соларды өз қолымен «түншықтырып» жүр. Мысалы, Атыраудағы «Каспий Лана» жүн өңдеу зауытының нақты проблемаларын шешудің орнына, сол бизнеске 49 пайыз үлеспен кірген жергілікті корпорация мекеменің өзімен соттасып, оладың есеп шоттары мен дүние-мүлкін бұғаттап, кәсіпкердің тоз-тозын шығарған. Мұндай мысалдар елімізде өте көп.

Жалпы, квазимемлекеттік мекеме болып есептелетін, Қазақстанның 17 облысы мен 3 ірі қаласында бар Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың

жұмысы ешқандай заңмен реттелмеген. Оларға бағыт-бағдар беретін, оны мен солын анықтайтын бірде-бір заң нормасы жоқ. Тек өз жарғысының негізінде қызмет атқаруда. Бір сөзбен айтқанда оларды «жүгенсіз кеткендер» деп атауға болады!

2024 жылдың басында Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінде СПК бойынша тақырыптық жиын өткіздік. Соның нәтижесінде корпорацияларға осы мәселені жеткізіп, ұсыныс беруді талап еттік. Өкінішке қарай, 20 корпорацияның 4-уі ғана хатымызға жауап қайтарды. Оның өзінде өз жұмысын толығымен жаңартуға ешқандай ұмтылыс жоқ екенін байқадық.

Ал дәл осы сәтте талай фермер нақты жұмыс істейтін кооператив құруға ақша таппай отыр. Мыңдаған шаруа өз өнімдерін сата алмай, не оны өндейтін жер таба алмай сандалып жүр.

Үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерге ірі инвесторлар ешқашан қызығушылық танытпайды! Бұл шындықты Үкімет толық мойындайтын кез келді. «Керек болса мүлкінді кепілдікке қой да, инвестициялық жобаны өзің іске асыр» деп қашанғы отыра бересіздер? Әлде ауыл адамдары «инвестор бізді қашан жарылқайды екен?» деп сарғайып күту керек пе?.. **Мұндайда тек бір ғана шешім бар – инвесторлар сату және өңдеу желісін құрғысы келмесе мемлекет осы іске өзі араласуы керек.** Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар осы үшін жаралған.

Жоғары айтылғанды ескере отырып, Сізге екі талап қоямыз.

Біріншіден, Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар туралы Заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізу қажет. Ол заңда корпорациялардың нарық субъектілеріне бәсекелес болмайтындай айрықша функциялары анықталуы тиіс. Оларды жинап корпорациялардың жұмысын реформалау бойынша шешім қабылдауыңызды сұраймыз.

Екіншіден, Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың басты функциясы сату, өңдеу, тасымалдау бағытындағы кооперативтер және де шикізат өндіруші мен оны өңдеушінің арасын жақындастыратын кластерлерді құру болуы керек. Бұл бағыттар заң жобасында айқын жазылуы тиіс.

Үшіншіден, 18 жыл ішінде корпорациялардың атқарған жұмысы туралы мәлімет жіберіп, толық есеп беруіңізді сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңмен белгіленген мерзімде сапалы әрі толық жауап беруіңізді сұраймын.

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Анас Баққожаев
Жигули Дайрабаев
Серік Егізбаев
Аян Зейнуллин
Қарақат Әбден
Николай Арсютин**

Ерболат Саурықов
Тансауле Серіков

«Аманат» партиясы
фракциясының депутаты

Болат Керімбек

Орын: Д. Иманғалиев
Тел.: 74-64-16